

Анықтама

Тақырып: «Достықты қорғау-сенің ортан»

Мақсаты: Өзін-өзі қорғау, жақын достарының мінез-құлқын бақылау. Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, бір-бірін түсіну мен сыйлауға үйрету, өзара сенім қалыптастыру, жанжал жағдайларын бейбіт жолмен шешу дағдыларын дамыту және жауапкершілік сезімін арттыру.

Сынып: 8-9

1-тренинг ойыны: «Сенімді шеңбер»

Мақсаты: Бір-біріне сену, қолдау көрсету сезімін дамыту.

Өткізу барысы:

- Оқушылар шеңберге тұрады.
- Бір оқушы ортаға шығып, көзін жұмады.
- Қалғандары оны жұмсақ түрде қолдап, шеңбер ішінде қозғалтады.
- Соңында ортадағы оқушы өз әсерімен бөліседі.

Талқылау сұрақтары:

- Сенім артқанда қандай сезімде болдың?
- Достықта сенімнің орны қандай?

2-тренинг ойыны: «Досыма хат»

Мақсаты: Эмоцияны білдіру, жағымды қарым-қатынас орнату.

Өткізу барысы:

- Әр оқушыға қағаз бен қалам таратылады.
- Олар өз досына немесе сыныптасына арнап жылы лебіз, алғыс немесе қолдау сөздерін жазады.
- Хаттар иелеріне оқылып немесе жасырын түрде тапсырылады.

Талқылау:

- Жылы сөз естігенде қандай әсерде болдың?
- Достарды қолдау не үшін маңызды?

3-тренинг ойыны: «Қақтығысты шешу»

Мақсаты: Жанжалдарды дұрыс шешу жолдарын үйрету.

Өткізу барысы:

- Топқа достар арасындағы жанжалға қатысты жағдаят беріледі.
- Оқушылар оны рөлдік ойын арқылы сахналайды.
- Кейін жанжалды достықты сақтай отырып шешудің жолдарын ұсынады.

Мысал жағдаят: Екі дос бір мәселе бойынша ренжісіп қалды. Бірі екіншісін түсінбей қалды.

Талқылау:

- Қандай шешім дұрыс болды?
- Достықты сақтау үшін не істеу керек?

Қорытынды: Бүгінгі тренинг барысында оқушылар достықтың адам өміріндегі маңызын тереңірек түсінді. Бір-біріне сену, қолдау көрсету, өз ойын ашық жеткізу және жанжал жағдайларын бейбіт жолмен шешу дағдыларын тәжірибе арқылы меңгерді. Тренинг әр оқушының өз ортасындағы достық қарым-қатынасқа жауапкершілікпен қарау керектігін ұғындыруға бағытталды.



Педагог-психолог: Нұрлыбекова С.Е